



6 тамыз, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

3

“Мектепке жол” басталды



4

Мал базары
шаруаның күйін айтады



5

Тіршілік ағымы
түпкі арнасына оралуы қажет



8

Біздің әкейі



ҚАБЫЛДАУ

ӘРБІР МӘСЕЛЕГЕ ТАЛДАУ ЖАСАЛАДЫ

Бейсенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Онда 15 тұрғынның мәселесі тыңдалды. Қабылдауға келген қала тұрғыны әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген отбасыға берілетін азық-түліктің сапасына қатысты шағымын білдірді. Бұл ретте облыс әкімі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаевқа тиісті сыннан қорытынды шығаруды тапсырды. Сондай-ақ, қала тұрғындары Бақытжамал Қаржауова «Бәйтерек» ықшам ауданында орналасқан жер учаскесіне инфрақұрылым және жол жүргізу туралы өтінішін білдірсе, Болат Қалмаханов Қара Бура әулие көшесіне аяқсу жүргізу, канализация тарту мәселелерін көтерді. Тұрғындар мәселесіне орай аймақ басшысы қала әкімі Асылбек Шаменовке тиісті жұмыстарды жүргізуді тапсырды.

2-бет

ЕРТЕҢ – КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Кәсіби мерекелік құрмет



Елмен елді жалғастырып, алысты жақын етіп, берекелі бірлікке ұластырып отырған көлік саласының қоғамдық өмірде маңызы зор. Мезгілдің ыстық-суығына қарамастан күні-түні жол жүріп, ел абыройы мен ризашылығын молайтып, өзіне жүктелген міндетті мұлтіксіз орындап жүрген мамандар төл мерекелерінде марапат төрінен көрінді. Облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов көлік және байланыс саласы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, ардагерлерге құрмет көрсетіп, мінсіз қызмет атқарғандарды марапаттады.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

2-бет

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕН: Әлеуетіміз қандай?

Әлеуметтік дүкендер жайлы аз айтылып жүрген жоқ. Бұдан бұрын да тақырыпты тарқатқан болатынбыз. Күнделікті тұтынатын тауардың 19 түрі сұраныстан түспейтіндіктен, аталған дүкендердің бүгінгі ахуалын білу үшін тағы бір аралаған едік. Жалпы мұндай дүкен саны 38 болса, әр супермаркетте 13 әлеуметтік бұрыш бар. Барлығына бас сұғу мүмкін болмағандықтан, кейбіріне арнайы барып, тыныс-тіршілігін байқап көрдік.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Бейбарыс сұлтан және Жеңіс көшесінің қиылысында орналасқан дүкен нүктесіне жол түсті. Сатып алушылардың көбі ұн, күріш, жұмыртқа, шемішке май, картоп алуда. Осы шағын ауданның тұрғыны Қанипа апай дүкенге жиі келетінін айтады.

– Үйде кішкене немерем бар. Бірақ оны жұмсауға қорқамын. Бесінші қабаттан түсіп, өзім келемін.



Күннің ыстығында қайта-қайта келуге денсаулығым көтермейді. Келінім жұмыстан шыққанда бұл дүкен жауып кетеді. Жексенбі жұмыс істемейді. Олар жұмыстың

жанындағы дүкеннен қымбат бағаға шемішке май, жұмыртқа әкеледі. Ал үйдің жанында одан арзан әрі ірі жұмыртқалар сатып жатыр. Сондықтан ыңғайы болса,

өзім келуге тырысамын. Ақшамыз жетпесе, жаздырып та аламыз. Бүгін, міне күріш, шемішке май алуға келдім, – дейді ол.

3-бет

МӘЖІЛІС

Күн тәртібінде – Кіші Арал келешегі

«Достық үйінде» Арал-Сырдария бассейндік кеңесінің кезектен тыс мәжілісі өтті. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов, кеңес мүшелері мен су шаруашылығы саласының ардагерлері, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Бассейндік кеңес төрағасы Сейілбек Нұрымбетов төрағалық еткен жиында «Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру және дамыту» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау және жобалау мәселесі талқыланды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Yekom Consulting Engineers – Kazakhstan» филиалының басшысы Мехди Шафриффар баяндама жасап, жобаның 2 кезеңін іске асыру мақсатында әзірленген арнайы жобалармен таныстырып, маңызды тұстарын түсіндіріп өтті.

Арал теңізі бассейніндегі экологиялық көрсеткіштер мен әлеу-

меттік-экономикалық жағдайларды одан әрі жақсарту мақсатында Дүниежүзілік банкпен бірлесіп дайындалған жоба Солтүстік Арал суының жинақталу көлемі мен сапасын жақсарту, балық шаруашылығын, экологиялық туризмді дамыту

секілді бірқатар негізгі нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған. Жиында аталған жоба бойынша зерттеу нәтижелерін «Қазгипроводхоз» жобалау институтының бас директоры Анатолий Рябцев баяндады.

Сондай-ақ, мемлекетаралық



су шаруашылығын үйлестіру комиссиясы ғылыми-аппараттық орталығы Қазақстандағы филиалының директоры Нариман Қыпшақбаев, тәуелсіз сарапшы журналист Айткүл Шалғынбаева, су шаруашылығы саласының ардагерлері Айтбай Көшербай, Дәулетияр Баялимов, қоғам қайраткері Нәжмадин Мұсабаев, жазушы-эколог Сайлаубай Жұбатыров, Халықаралық Аралды құтқару қорының атқару дирекциясының директоры Болат Бекнияз, басқа да облыстың су шаруашылығы саласының мамандары мен ардагерлері ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Сонымен қатар, кездесуде жобаның бірінші кезеңінің жүзеге асырылуы нәтижесінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, оның ішінде балық шаруашылығының дамуына жасалған үлкен мүмкіндіктер мен өңірдегі экологиялық мәселелер сөз болды.

Мәжілісте көтерілген мәселелер туралы газеттің келесі нөмірінде кеңірек жарияланатын болады.

«СБ» ақпарат

ЖӘРМӨҢКЕ

Төмен баға – тұтынушыларға

Кеше Шиелі ауданының орталығында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Онда «Байқоңыр» ӘКК» АҚ (өңірлік тұрақтандыру қоры) тарапы мен аудан кәсіпкерлері бірлесе 15 тоннадан астам өнімді нарық бағасынан төмен бағада ұсынды.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Мәселен, бір тоннадан астам ақ күріш, бір тонна картоп, бес тонна бірінші сортты ұн жәрмеңкеге әкелінген. Сондай-ақ сөрелерде қарақұмық жармасы, қант, күнбағыс майы, жұмыртқа, ет пен балық және шұжық өнімдері де бар. Жергілікті кәсіпкерлердің өнімі, атап айтсақ, 400 литр шұбат, бұған қоса ауылдық округтерден бір тоннадан астам қызанақ пен қияр, қауын түрлері нарыққа шықты.

– Өнімдер нарық бағасынан 20 процент төмен бағада сатылуда. Мысалы, қант 444 теңге болса, күріштің келісі 175, құрақұмық жармасы 514, күнбағыс майының бір литрі 630 теңгеден беріліп жатыр.



Дүкендерде 35-37 теңгеден тұрған жұмыртқа 29 теңгеден сатылуда.



Еттің келісі 1700 теңгеден, балықтың әр түріне қарай келісі 500 және 1200 теңге

аралығында. Шиелінің өзінен шығатын шұжық өнімдері басталса,

бірінші сорт ұнның келісі 135, картоп бағасы 130 теңгеден қойылды, – дейді «Байқоңыр»

ӘКК» АҚ тұрақтандыру қорының жұмысы жөніндегі басқарманың жетекші менеджері Жәнібек Қойшығұлов.

Жәрмеңкеге жергілікті тұрғындар көп жиналды. Арзан бағада болған соң халықтың келуі де заңдылық.

– Дүкендерде тұрған қанттың бағасы 750-800 теңге. Мұнда оны жарты бағасына алып отырмыз. Әр тұрғынға бес келіден беріп жатыр. Жұмыртқа да, ет те базардағыдан арзан. Ұйымдастырушыларға алғысым шексіз. Біздей карттардан бір ұсыныс – мұндай жәрмеңкелерді аптасына болмаса да, айына екі рет өткізіп тұрса, қуанар едік, – дейді зейнеткер Наушарбан Мейрамбаева.

Айта кетейік, Шиелі кентіндегі И.Құтпанұлы атындағы орталық стадионда өткен жәрмеңкеде барлығы 19 түрлі ауыл шаруашылығы өнімдері сатылды.

Шиелі ауданы



ӘРБІР МӘСЕЛЕГЕ ТАЛДАУ ЖАСАЛАДЫ

Қазіргі таңда мердігер мекеме тарапынан «Бәйтеректің» 2-ші кіреберіс жолын асфальттау, сондай-ақ, 1-ші кіреберіс жолына дайындық жұмыстарын жүргізуде. Ал, «Бәйтерек-1» тұрғын ауданы, 29 тұйық көшесі бойында ауызсу құбыры, электр желісі тартылған.

Мұнан бөлек, жеке қабылдауға келген азаматтардың басым бөлігі әлеуметтік көмек беруді, жұмыспен қамту, денсаулық саласына қатысты, тұрғын үй алу сынды өтініштерін жеткізді.

Қала тұрғыны Абай Шайнұров облыста созылмалы бүйрек ауруымен ауыратын азаматтардың саны жылдан-жылға артуына байланысты науқастарға қажетті аппараттың алынуына ықпал етуді және салада нефролог мамандардың жетіспеушілігін алға тартты.

Аймақ басшысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасарына мәселеге толық талдау жүргізіп, тиісті жұмысты үйлестіруді тапсырды.

1-бет



Қабылдауға келген тағы бір тұрғынның мәселесі де гемодиализ арқылы емделумен байланысты болды. Облыс әкімі әрбір науқастың еміне қарай

тиісті шараларды зерделеп, мәселені оңтайлы шешудің жолын қарастыруды жеткізді.

Айта кету керек, осы уақытқа дейін облыс әкімі 15 жеке

қабылдау өткізіп, 130-ға жуық азаматтың мәселесі қаралды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Судың жайы һәм диқан еңбегі

Осы аптада облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов Арал және Жалағаш аудандарында жұмыс сапарымен болды. Онда Сырдария өзенінің бойындағы су тоспалары, каналдар және егін алқаптары назарға алынды.

Арал ауданының әкімі Серік Сермағамбетов дария суын тиімді пайдалану бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар барысымен таныстырды. Мәселен, «Бұрма-құлақ» учаскесіндегі «Аспай» су агытқысы жөндеулен өткізілген. Нәтижесінде «Қамыстыбас», «Ақ-шатау» көлдер жүйесіне толықтай су жеткізуге мүмкіндік жасалды.

Сапар барысында С.Қожаниязов «Мырзас» су тоспасы-

ның құрылысын жүргізу үшін жоспарланған аумақты көрді. Сондай-ақ, жөндеу жүргізіліп жатқан «Құлы» каналындағы жұмыс пысықталды. Каналды тазалау жұмыстары басталғанына көп уақыт өте қойған жоқ. Жакын күндері мұнда су көлемін реттейтін шлюз орнатылады. Мамандармен жүздесуде облыс әкімінің орынбасары аталған каналдың шабындық алқаптарды суландыру үшін маңызы зор екенін атап өтті. Осы орайда мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс жұмысын сапалы орындау қажеттігін тапсырды.

Одан кейінгі кезекте «Ақлақ» су тоспасы мен «Көкарал» бөгетінің жағдайы мен су деңгейі таразыланды. Сол аумаққа жақын орналасқан Қаратөрең және Бөген ауылдық округтері ардагерлерімен теңіз маңындағы

елді мекендердің өзекті мәселелері жөнінде ой бөлісті. Қаратерендік қариялар мал жайылымы мен шабындық алқаптарға мол су баруы үшін «Құйылыс» қорғаныс бөгетін көтеріп, шлюз салу қажет екендігін айтты. Ал бөгендік тұрғындар жол мәселесі шешімін тапса деген ойда.

Сапар барысында С.Қожаниязов Аманөткел ауылдық округі аймағындағы «Аралтұз» акционерлік қоғамы және «Camel Pro» шаруа қожалығының егістік алқаптарында болды.

«Аралтұз» АҚ көктемнен бастап мал азығына орай жоңышқа еккен. Қазір егінге орақ түсетін күн жақын. Ал, «Camel Pro» шаруа қожалығы Түркиядан жоңышқаның өзге түрін алдырып, суды үнемдеу мақсатында жаңбырлатып суару әдісін пайдалануда. Қазіргі таңда

85 гектар аумаққа күздік жоңышқа егілуде.

Сондай-ақ, облыс әкімінің бірінші орынбасары Жалағаш ауданында Мақпалкөл елді мекеніндегі шаруа қожалықтарында болды.

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов аудан бойынша егін шаруашылығының бүгінгі жайын айтып берді. Әліби Бекжанов өзі басшылық жасайтын «Ер Әлі», «Құрманбай ата» шаруа қожалықтары жайында баяндады.

Бүгінде «Ер Әлі» шаруа қожалығы 31 гектардан астам жерге картоп, сәбіз, қызылша өнімдерін еккен. Ал, «Құрманбай ата» шаруа қожалығының алма бағында 5 түрлі алма сорты егілген. Алынған өнімдер Қызыл-орда, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе қалаларына сатылады.

«СБ» ақпарат

Сын артында сұрау бар

Облыс басшысының тапсырмасына сәйкес өткен жиында коммуналдық мекемелерде қордаланған қарыздарды жою және алдағы жылу маусымына дайындық барысы талқыланды. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов төрағалық жасады.

Алдымен аталған мекеме басшыларының саладағы қалыптасқан жағдайды шешу мақсатында атқарып жатқан жұмысы сараланды.

Қазір «Қызылордажылу-

электрорталығы» кәсіпорнына «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ, «Қызылорда Су жүйесі» және «Энергосервис», «Дәулет-энерго» серіктестіктерінің берешегі 725

млн теңгеге көбейген.

Осы орайда облыс әкімінің орынбасары сала басшыларының сылбыр әрекетін қатаң сынға алып, жұмысты күшейту қажеттігін ескертті. Айта кетерлігі, жыл басынан бері коммуналдық мекемелер арасындағы қарыз өсіп кеткен.

Облыс әкімінің орынбасары аталған берешектерді өтеуге жауапкершілікпен қарап, оны жедел шешу, алдағы жылу беру

маусымына үлкен дайындықпен кірісу керектігін жеткізді.

— Алдымызда жылу беру маусымын бірқалыпты өткізу міндеті тұр. Сондықтан жылдың маңызды кезеңінің тұрақты өтуі барлығымызға сын. Әсіресе, нақты нысан бойынша жауапты басшыларға қойылар талап үлкен, — деді М.Жайымбетов.

«СБ» ақпарат

Кәсіби мерекелік құрмет

— Бұл мереке — сала мамандарының басын қосатын атаулы күн ғана емес, жалпыхалықтық сипатқа ие. Көлік саласы — қай кезде де еліміздің экономикасы мен өндірісінің барлық буынын байланыстыратын аса маңызды сала. Елімізді әлеуметтік-экономикалық дамыту, экономиканы және өнеркәсіптік өндірісті жаңғырту жолында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың алға қойған міндеттерін іске асыруда үлкен роль атқарады.

Көлік және байланыс саласының қызметкерлері өңіріміздегі кәсіпорындардың үздіксіз жұмысын, әрбір елді мекеннің тіршілігін қамтамасыз етіп, аймақ тұрғындарының әлеуметтік хал-жағдайын жақсартуға сүбелі үлес қосып келесіздер.

Сіздердің жинаған мол тәжірибелеріңіз, кәсіби шеберліктеріңіз бен іскерліктеріңіз күнделікті міндеттерді орындап қана қоймай, қазіргі экономикалық жағдайда тыныс-тіршілігімізді жетілдірудің жаңа тетіктерін табуға септігін тигізері сөзсіз.

Бүгінгі мерекені Сыр елінің көлік саласының мамандары жақсы жетістіктермен қарсы алуда. «Жолдың жайын жүрген білер» дегендей, бүгінгі таңда Қызылорда облысының аумағында 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен жалғайтын 205 тұрақты автобус қатынасы ұйымдастырылған. Облыс орталығынан Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Түркістан, Жезқазған, Ақтөбе, Сарыағаш қалаларына күнделікті жолаушы тасымалдау қызметтері көрсетіледі, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Айта кетейік, жыл басынан барлық бағытта 35 млн жолаушы

1-бет



тасымалданып, өткен жылмен салыстырғанда 8,4 процентке көбейген. Жолаушыларға сапалы қызмет көрсету және Қызылорда қаласындағы қоғамдық көлік мәселесін шешу мақсатында үлкен сыйымдылықтағы 150 жаңа автобус сатып алынып, автобус паркі жаңартылатын болады. Жаңа автобустар 50 жолаушыға сыйымды, мүмкіндігі шектеулі жандардың кедергісіз кіріп-шығуына арналған құрылғылармен қамтылған және қоршаған ортаға зиянды әсері өте төмен.

Мархабат Жайымбетұлы сондай-ақ бұл мерекені өңірдегі теміржолшылар да толымды табыстарымен қарсы алуда екенін айтты.

— Биыл «Қазақстан темір жолы» Ұлтық компаниясының құрылғанына — 25 жыл. Тарихы бар сала аға буынның еселі еңбегімен, жасампаздығымен дамыса, кейінгі ұрпақтың жаңашылдығымен нығайып келеді.

Осы жылдар ішінде жаңа жолдар салынып, қолданыстағы магистральдар жаңарту және жетілдіруден өткізілді, транзиттік жүк тасымалын дамыту шарттары жасалды. Ағымдағы жылы Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі бойынша 70 шақырым жолға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланса, бүгінгі күні оның 60 проценті орындалды. Бұл іс-әрекеттер жолаушылар пойыздарының жылдамдығын сағатына 140 километрге дейін арттыруға мүмкіндік береді, — деді ол.

Әуе қатынасында да серпінді жобалар бар. Әлемдік стандарттарға сай әуежай заманауи сипатқа ие болуы керек. Осы бағытта Болат Өтемұратов қорымен бірге жаңа әуежай терминалын салу қолға алынды. Жалпы құны 11,5 млрд теңгені құрайтын бұл жобаны қаржыландыру толықтай Қордың есебінен жүзеге асырылады. Қазіргі таңда, жобалау және

инженерлік инфрақұрылымдарды жүргізу жұмыстары ұйымдастырылуда.

Құрылыс жұмыстары 2023 жылдың ақпан айында басталып, 2024 жылдың қыркүйек айында халықтың игілігі үшін пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Жол инфрақұрылымын дамыту бағытында да өрлеу бар. Быыл өңірдің автомобиль жолдары мен көшелерін, көпір өткелдерін жөндеуге барлығы 18,4 млрд теңге бөлініп, ұзындығы 348 шақырым жол желісін жөндеуден өткізу жоспарланған. Өткен жылдың қорытындысымен облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайы 75 процентті құрапты. Жылдың аяғына дейін бұл көрсеткішті 82-ге көтеруге жұмыс жасалуда.

Мархабат Жайымбетұлы жүргізуші, жолшы, ұшқыш, машинист, диспетчер және басқа да өзінің саналы ғұмырын осы саламен байланыстырған жандарды мерейлі мерекесімен құттықтап, саланың дамуына үлес қосып келетін қызметкерлерге ризашылығын білдірді. Бірқатар үздік мамандарға «Еңбек ардагері» медалі мен «Құрметті автокөлікші», «Үздік автокөлікші» төсбелгілерін және облыс әкімінің Алғыс хатын табыстады.

Іс-шара соңында облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Нұрқышұлы мен теміржол саласының ардагері Оразбек Өмірзақов әріптестерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, еңбектерінің еселене беруіне тілектестік білдірді.

Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



«БАЛЫҚШЫЛАР СЛЕТІ» КҮЗДЕ БОЛАДЫ

АРАЛ

Әлеумет арасында жиі қойылатын сауалдардың бірі – «Балықшылар слеті».

Алғашында Балықшылар слеті шілде айына жоспарланып, ұсыныстар мен дайындық жұмыстары жүргізілген еді. Алайда слет күз айына белгіленіп, «Балықшылар аллеясында» өткізу жоспарлануда.

Нақты кезеңде, ауданда 9 балық өңдеу зауыты жұмыс істейді. Олардың қуаттылығы 23900 тоннадан асады. Быыл тауарлы балық шаруашылығын дамыту мақсатында 3 тоған шаруашылығы іске қосылады деп күтілуде. Бұл жобалар жүзеге асса, ішкі нарық толықтай балық өнімдерімен қамтамасыз етілмек.

КЕҢЕЙГЕН ЖОЛҒА КЕМДІК ЖАРАСПАЙДЫ

ҚАЗАЛЫ

Аудан орталығы Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының екі аралығындағы жолды жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Мердігер мекеме автомобиль жолдарын кеңейту үшін тиісті жұмыстарды қолға алған. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев пен аудандық мәслихат хатшысы Бақытжан Жарылқап екі аралықтағы жолды жөндеп жатқан мердігер мекеменің жауапты қызметкерлерімен кездесті. Аудан басшысы жұмыс қарқынын күшейту қажеттігін айтты. Сондай-ақ, тиісті сала басшыларына екі аралықтағы жолды кеңейту жұмыстарын қатаң бақылауда ұстау қажеттігін тапсырды.

ДӘСТҮРЛІ АКЦИЯ

ҚАРМАҚШЫ

Ауданда «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы бастау алды. «Балалар жылында» бұл акция «Мектепке жол – шекарасыз жақсылық» ұранымен өткізіледі. Акция 30 қыркүйекке дейін жалғасады.

Аз қамтылған және көпбалалы отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындық кезінде көмек көрсетіліп келеді. Быыл да жылдағы дәстүр жалғасады. Акция барысында мектеп жасындағы балаларды білім ұйымдарында оқумен қамту, әсіресе күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан балаларға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар ұйымдастырылатын болады.

ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН ҚАБЫЛДАДЫ

ЖАЛАҒАШ

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауда 5 тұрғынның мәселесі тыңдалды. Онда азаматтардың басым бөлігі жұмысқа орналасу, тұрғын үй, әлеуметтік көмек көрсету сынды өтініштерін жеткізді. Аудан әкімі заң аясында шешу жолдарын түсіндірді. Бірқатар мәселелерге байланысты жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берді. Айта кету керек, осы уақытқа дейін аудан басшысы 9 жеке қабылдау өткізіп, 50-ге жуық азаматтың мәселесін саралады.

БАТЫРЛАР АУЫЛЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

СЫРДАРΙΑ

Нағи Илиясов ауылында облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов пен аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев шаруашылық төрағаларымен кездесті. Кездесу барысында егін шаруашылығы мен күзгі егін жинау науқанына дайындық барысы талқыланды.

Биыл ауданда барлығы 33,1 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылған. Негізгі дақыл – күріштің көлемі – 20728 гектар. Сонымен қатар, 210 гектар бақшалық жер дайындалып, 840 адам 90 гектарға картоп, 20 гектарға көкөніс, 100 гектарға бақша дақылдарын еккен.

СЫРБОЙЫЛЫҚ ӨРЕНДЕРДІҢ ЖЕҢІСІ

ШИЕЛІ

Қырғызстанда халықаралық «Ыстық-көл толқынында» дәстүрлі балалар мен жасөспірімдер байқауы өз мәресіне жетті.

Бұл жолы байқау көркін Сыр елінен барған таланттар кіргізді. Еліміздің мерейін үстем етіп Сезім Қаһарман дипломант, Арсен Шағдат пен Қаракат Базарбай лауреат болса, 13-16 жас аралығында Саят Сарманбек конкурстың барлық номинациясы бойынша І ран-при иегері атанды.

ЖАҢА САЯБАҚ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

ЖАҢАҚОРҒАН

«Балалар жылы» аясында аудан әкімі Мұрат Тілеуімбетовтің бастамасымен, жергілікті кәсіпкердің көмегімен кенттегі Қорасан ата көшесінің бойында үлкен, заманауи үлгідегі саябақтың құрылысы жүргізілуде. Саябақтың ашылуы осы жылдың қазан айына жоспарланған.

Демалыс орнында субұрқақ, түрлі аттракциондар, мәдени іс-шаралар үшін ашық сахна, спорттық алаң, жүгіру және велоалан, неке кию орны болады. Сондай ақ, саябақ ішіне көгал және саялы, сәнді ағаштар егілмек.

Дайындаған Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы»



«Мектепке жол» басталды

Аймақта «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы бастау алды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердәулетов хабарлады.

Сб Актілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Жалпы, облыста осал топқа жататын 31 мыңнан астам бала болса, оның 13 мыңнан астамы атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан.

— Тамыздың 1-нен бастап қыркүйек айының 30-на дейін жалғасатын шара «Мектепке жол — шекарасыз жақсылық!» ұранымен өтпек. Осыған сәйкес, міндетті оқу қоры есебінен көмек алатын оқушылар тізімі жинақталуда. Қазіргі таңда қайырымдылық акциясын өткізудің өңірлік іс-шаралар жоспары бекітілді. Жалпы, аз қамтылған және көпбалалы отбасылар, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз

қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындық кезінде көмек көрсетуді мақсат тұтқан акция аймағымызда он бес жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келеді, — деді Бағдат Қамбозұлы.

Брифингте бірінші сыныпқа құжат қабылдау аяқталғаны айтылды. Жаңа оқу жылында аймақта 17 898 бала бірінші сыныпқа қабылданады деп күтілуде. Сондай-ақ, оқу жылы дәстүрлі форматта басталады. Алайда, аймақтағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты бірқатар шектеулер қойылуы мүмкін.

— Мектепке құжат қабылдау электронды түрде және қағаз



түрінде 1 сәуір мен 1 тамыз аралығында өткізілді. Осы уақытта ата-аналардан 17 371 өтініш түсіп, оның барлығы өңделді. Жаңа оқу жылына қабылданатын оқушылардың 89,7 проценті қазақ тілінде оқытылатын болады. Бұл көрсеткіш бойынша

облыс республикада көш бастап тұр. Жалпы, барлық білім беру ұйымдарында жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жүргізілуде. Осы ретте айта кетейін, алдағы оқу жылы дәстүрлі түрде өткізілетін болады. Дегенмен, өңірдегі эпидемиология байланысты бірқатар шектеулер болуы мүмкін, — деді басқарма басшысының орынбасары Бағдат Бердәулетов.

Сала маманы алдағы уақытта «мектеп формасына байланысты мәселе туындамайды» деп отыр. Оның айтуынша, алда ата-аналар мен заңды өкілдер мектеп формасы туралы мәселелерді талқылауға қатысып, өз ұсыныстарын енгізе алады. Сондай-ақ, мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім мектеп жанындағы қамқоршылық кеңеспен келісу арқылы мекеме басшысы бекітеді. Егер арнайы форма жасакталмаған жағдайда оны сатып алу міндеттелмейді.



АПТА АҒЫМЫНДА

БАҒАНЫ БАҚЫЛАУ ЖАЛҒАСУДА

«AMANAT» партиясының бастамасымен аймақтық және аумақтық филиалдардағы мониторингтік топтар арнайы жұмыс алгоритмі бойынша апта сайын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларына қоғамдық негізде зерделеу жұмыстарын жүргізуде.

Өткен аптада топ мүшелері облыс орталығындағы «Қызылорда» гипермаркеті, «Small», «Magnum Express», «Аль-Асад», «Алатау» және «Сәлем» сауда орындарында болып, тауар бағасына бақылау мен талдау жасады.

Алдағы уақытта мониторингтік топтар жүйелі түрде супермаркет, базар, дүкендерді аралап, нарықтағы тауар бағасын бақылап, бағаның себепсіз өсуінің алдын алуға жұмыс жүргізеді.

НАҚТЫ ҰСЫНЫСТАР АЙТЫЛДЫ

«AMANAT» партиясының облыстық филиалында партиялық бақылау комиссиясының азық-түлік бағасына қарапана жүргізу жөніндегі мониторингтік топ мүшелерінің, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары мен кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармаларының, ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі облыс бойынша департаменті мен «Байқоңыр» ӘКК» АҚ басшыларының қатысуымен арнайы жиын өтті.

Жиында қазіргі уақытта күн тәртібінен түспей тұрған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының жай-күйі қаралып, мәселелер мен олардың шешілу жолдары талқыланды, нақты ұсыныстар айтылды.

Айта кетейік, 27 шілдеден бастап облыс орталығы мен барлық аудандарда құрамы 77 адамнан тұратын 10 мониторингтік топ құрылып, 84 сауда нысанына бақылау жұмыстарын жүргізді және бұл алдағы уақытта да жалғасады.

«КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК»

«AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында аумақтық филиалдар тамыз айына жоспарланған әлеуметтік нысанның мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін бейімделуіне бақылау жұмыстарын жүргізуде.

Партияның «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық Жол картасына сәйкес бұрын салынған әлеуметтік нысандардың (меншік түріне қарамастан) мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімді етіп бейімделуі бойынша арнайы мониторинг жүргізілуде.

Жоспардағы нысандардың барлығы партияның сайлауалды бағдарламасында көрсетілген. Осыған орай, әрбір нысанның толыққанды бейімделуі партияның бақылауында болады.

«TAZALIKE» ЖОБАСЫНА АТСАЛЫСТЫ

Кент орталығында көшелердің тазалығы, көше комитеттерінің жауапкершілігі, су жүретін арықтарды күл-қоқыстан тазалау, тал, гүл отырғызу жұмыстарын ұйымдастыру маңызды.

Партияның Жанақорған аудандық филиалының ұйымдастыруымен көктемнің алғашқы айында бастау алған партияның «TazaLike» жобасы аясында байқаудың қорытынды іс-шарасы өткізілді. Байқау наурыз айында әлеуметтік желі арқылы жарияланып, бәйгеге қатысушы 10 көше комитеті өтінім білдірген болатын.

Шарттарды толық орындап, жеңімпаз болған көшелерге «AMANAT» партиясы аудандық филиалының Алғыс хаттары мен естелік сыйлықтары табысталды.

ЗАҢГЕРЛІК КЕҢЕС

Облыстық партия филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасының заң кеңесшісі Балжан Қайырбекова тұрғындарды қабылдау өткізді.

Заңгерлік көмек партиялық жобасы аясында өткізілген қабылдауда азаматтар есепшоттардың бұғатталуы, жеке сот орындаушылардың әрекетсіздігі, алимент өндіру және т.б. заңгерлік мәселелер төңірегінде кенестер алды.

АҚПАРАТТЫҚ НАСИХАТ ЖҰМЫСЫ БАСТАЛАДЫ

«AMANAT» партиясы ҚР Үкіметімен бірлесіп ауыл тұрғындарының табысын, әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыруды қолдау үшін «Ауыл аманаты» жобасын әзірледі және жобалық кеңсе іске қосылып, нақты жұмыстар бастады.

Аталған жоба шеңберінде 2023-2025 жылдары еліміздің барлық облысына бюджеттік несилер бөлу көзделіп отыр.

Партияның Саяси менеджмент академиясының тренерлерінен жасакталған арнайы мобильді топ өңірде болып, ауыл тұрғындарына дәрістер өткізеді. Ұсыныстар білдіретін немесе кәсіппен айналысуға ниетті азаматтар аудандық партия филиалдары арқылы ақпарат алып, кездесулерге қатыса алады.

Жалпы апта ішінде, аймақтық және аумақтық филиалдар мен БПҰ-да кездесулер, тақырыптық қабылдаулар, партиялық бақылау және т.б. түрлі форматтағы 54 қоғамдық-саяси іс-шара ұйымдастырылды.

ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕН: Әлеуетіміз қандай?

карасын байқамадық. Оны сұрағандарға бір аптадай болмайтын шығар деп жуап берді сатушы.

Адам аяғы саябырлағанда дүкеннің сатушысы Майра Каниевамен тілдесудің сәті түсті.

— Бұл дүкенде қай кезден бастап жұмыс жасайсыз?

— Бір жыл болды. Дүкеннің иесі өзімнің сіңілім. Мен сатушымын. Үйім жолдың арғы бетінде. Түскі үзілісте үйіме барып келуге де ыңғайлы.

— Қант пен жуа жоқ екен. Не себеп?

— Қант таңертең болған. Үш қап тез өтіп кетеді. Аптаның аяғы болған соң тапсырыс бермедім. Жуа алдағы бір апта көлемінде болмайтын шығар. Тапсырыс беруші жеткізбей жатыр.

— Қантқа талас басылған сияқты ма?

— Иә, алдыңғыдай емес. Алушылар азайды. Маусымдық кезеңде ылғи солай болады. Оның үстіне қанттың бағасы бірден 444 теңгеге қымбаттады.

— Әр алушыға белгілі мөлшермен берілетін тауарлар бар. Бірақ жаңа байқағанымдай, кей өнім түрін мөлшерден асырып бердіңіз? Себебін білсем бола ма?

— Күннің ыстығында адамдарды бір келі зат үшін сандалтқым келмейді. Жағдайын айтып тұрса, неліктен бермеймін. Қазак емеспіз бе?

Сатушының адамгершілігіне, мәдениеттілігіне сүйсіндік. Сол ауданның тұрақты тұтынушылары туысындай болып кеткен сыңайлы. Хал-жағдай сұрасып, әңгімесін де айтып үлгеріп жатыр. Біз кәсібіне береке тілеп, келесі дүкенге қарай беттедік.

Алдымыз жексенбі күнге сәйкес келгендіктен, дүйсенбі күні «Универсам» аумағындағы дүкенге бардық. Бұдан бұрын келгенімізде дүкеннің ішінде айқай-шу болған-тұғын. Қанттың кезегінде тұрғандар мен көкөніс сатып алушылардың қарасы да көрінбеді. Дүкенші қанттың енді келетінін айтты. Мұнда да жуа жоқ. Сол жақ бұрышта ет сатылатын еді. Ол да көзге түспеді. Тек тартылған ет барын білдік. Мұнда 19 түрлі тауардан бөлек дүкен иесінің тауарлары көп екен. Тұтынушылардың көбі қанттың жоғын естіп, шығып кетіп жатты.

Келесі барған дүкеніміз — Назарбаев даңғылының бойында орналасқан нүктесі. Бұл жерге қант күндегі уақытынан ерте жеткізілген. Келушілер 2 келілеп алуда. Өзге тауар түрлері де жеткілікті. Майда картоп болғанымен өтіп жатыр. Нан 55 теңгеден сатылуда. Сауда барысын бақылап тұрғанымызда бұлы телефонның камерасын қосып ер адам кіріп келді. Бұл «Байқоңыр» ӘКК» АҚ маманы екен. Өзіне бекітілген 7 дүкенді күніне екі рет тексеріп кетеді. Өзін Саттар Әбдіреев деп таныстырған



болғанын тексереміз. Кәсіпкер бізбен келісімге отырғанда біздің 19 түрлі әлеуметтік тауарымызды және өздерінің өнімін сатуға құқылы. Біз дүкен мен жерді тегін пайдалануға береміз. Ал дүкен иесі мына жерді қалай әрлеймін десе де өз еркі. Мұнтаздай таза ұстап, тауарды толтырып, келушілермен мәдениетті түрде сөйлесе, сауда қызады, — дейді жауапты маман.

Менеджермен ілесіп, «Астана» мөлтек ауданындағы әлеуметтік дүкенге бардық. Мұнда сауданың көрігіні қыздырушылар көп екен. Бірі жеміс, енді бірі қант, күріш, май алуда.

Бұл дүкенді Ақжарқын Имашева мамыр айында алғанын, қазір мұнда отбасымен бірге жұмыс істейтінін тілге тиек етті. Жолдасы келген тауарларды қабылдап, орналастырып жатса, балалары жинақтап, сөрелерге қоюда. Кәсіпті отбасымен жүргізгендіктен берекесін де көріп отырғандай көрінді. Басында қатты қиналғанымен, қазір бір ізге түсіпті.

— Өзім бұдан бұрын да дүкенде сатушы болып 4 жылдай жұмыс істедім. Азды-көпті жиған тәжірибем бар, тәуекел етіп осы әлеуметтік дүкенді алдым. Түрлі пиғылдағы адамдар келеді. Бірі оң бағасын беріп, ризалығын білдірсе, кейбірі ісімізден мін іздеп, оны әлеуметтік желіге шығаруға құмар. Кешегі қантқа талас кезіндегі жұмысымызды көргендеріңіз де ғой. Бір минут демалуға мұрша болмады. Таңғы бестен дүкен алдын күзетіп отыратындар көп. Өзім осы ауданда тұратындықтан, көбін танимын. Бір-бірін жағадан алғандар да болды. Сол кезде дүкенді тастап, бұл жұмыстан бас тартқым келген еді. Қазір адам аяғы азайғанымен, тұрақты келушілеріміз көп, — дейді дүкен иесі.

Расымен бұл дүкен өзге-

лерге қарағанда тауардың көп түрлілігімен және отбасылық кәсібімен ерекшеленеді екен. Қауын-қарбыз, жеміс-жидек толып тұр. Күнделікті тұтынатын тауардың көбін табуға болады. Айтпақшы, қант бағасы бірден 444 теңге болғалы және тосап қайнатудың мерзімі аяқталған соң ұзынсонар кезекті байқамадық. Берекенің тоғызы кәсіпте екенін түсінген Имашевтар отбасының


аудандарда да ашып, жұмысты бастап жатырмыз. Бірақ, 38 дүкен иесін де далаға тастай алмаймыз. Себебі, осы арқылы отбасын асырап отыр. Сондықтан, әлі де әлеуметтік дүкендер желісін жандандыру үшін жан-жақты идеяларды қарастырып, саралаймыз. Қайсысы тиімді екенін көреміз. Халықтың көңілінен шығатындай заманауи дүкендер желісі керек, — дейді басқарма төрағасы.

Расында, осыдан бірнеше жыл бұрын көпшілік әлеуметтік дүкенге бас сұға бермейтін. Дүкендер жұмысы бастапқыда дұрыс жолға қойылмады ма, әлде халық арасында түсіндірме жұмыстары аз жүргізілді ме, әйтеуір әлеуметтік дүкенге деген көпшіліктің қызығарсы басқаша болатын. Ал жобаның түпкі мақсаты — халықты тиімді бағада азық-түлікпен қамтамасыз ету еді. Кейінгі уақытта әлеуметтік дүкендер жұмысы жанданып, жұртшылық ондағы азық-түлік бағасының төмен екенін түсінді. Бұл орайда облыс басшылығы тарапынан әлеуметтік маңызы бар 19 түрлі өніммен дүкен сөрелерін толтыруға бағытталған арнайы бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылды. Кешегі пандемия кезінде супермаркеттер мен өзге де азық-түлік дүкендері уақытпен жұмыс істегенде тұтынушылар үшін олардың есігі айқара ашық болды. Бүгінде жұртшылықтың пікірі өзгеріп, әлеуметтік дүкендер тұтынушылары көбейген. Енді осы тұрақты тұтынушылардан айырылып қалмас үшін, қорда бар тауардың таусылып қалмауын қадағалап, алдағы айларға өнімді жеткізушілермен қайта келісімге келу де керек. Басқарма төрағасының айтуынша, жуа мен картопты тасымалдайтын бір кәсіпкердің келісім-шарт мерзімі аяқталған. «Ол өзіне берілген мерзім ішінде алған ақшасына өнімді жеткізу керек болатын. Келісім-шарт аяқталған соң қалған қаражатты қайтару керек еді. Одан алатын 60 млн теңге бар. Енді кәсіпкермен соттасып жатырмыз. Жуа, картоп жеткізетін кәсіпкер іздейміз. Себебі тамыз айында 300 тонна пияз, 500 тонна картоп, 200 тонна сәбізге тапсырыс беруіміз керек» дейді.

Ұнның мәселесі де маз емес. Бұдан бұрын ақпан айында қостанайлық компаниямен келісімге отырған. Кәсіпкер тамыз айының аяғына дейін 10 мың тоннасын жеткізу керек еді. Бүгінге дейін 5 мың тоннасын жеткізген. Өйткені алдыңғы аптада ұн ақтайтын жерін улап жатырмын деп өңірдегі жибермеген кәсіпкер, кешегі аптаның соңында ғана бес «КамАЗ» ұнды жөнелтіпті. Бірақ тамыздың аяғына дейін толық жетірмесе соттасуға тура келеді. Басқа жол жоқ.

Қандай да бір компаниямен келісімге келмес бұрын, алдымен оның алдыңғы жұмысын зерттеуден өткізіп, бір саралап алған жөн секілді. Әйтпесе, ісіне жауапсыздық танытқан әр кәсіпкерді сотқа сүйіп жүргенде дүкен иесі мен тұтынушылар зардап шегеді. Өрине, әлеуметтік дүкенге келетін тауарлар түрін өзімізде өндіру үлкен маңызға ие. Облыс әкімінің бастамасымен жер-жерде қолға алынған бақшалық егістік жерлерді игеру мәселесінде де бұған ықпалдастық зор болмақ. Бәрі есепке, сауатты құрылған жоспарға байланысты. Бай-қасаныз, әлеуметтік дүкен тек ар-зандатылған баға емес, мұның астарында азық-түлік наркын реттеу, сол нарықта қаншама жүріп жатқан құйтырқы әрекеттердің жолын кесу секілді ұстаным да бар.

Ақмұраттың ақ таңы



Ертеректе бір ойшыл «Жаксы адам базарда иіссү сататын кісіге ұқсайды, қасында ұзағырақ тұрған сайын ғажайып көңіл-күй сезіміне берілесін» депті. Облысқа белгілі азамат, айтулы құрылысшы, өзін 20 жылдан аса білетін Ақмұрат Мадияров менің пайымымда осындай кісілердің қатарына енеді. Ғажабы сол, Ақаң жалған сөйлеуді, көлгіресуді білмейтін, бірденені әсіре көрсетуге жаны қас, әйтеуір керек болып қалады-ау деген сыңаймен әлдекімдерге жалпақтауды, орынсыз мақтауға ұрына беруді қаламайтын, орысша айтқанда «порядочный», қазақшалағанда ұяты бар зиялы адамдардың санатына жатады.

Ақанды осы қасиеттері үшін құрметтеймін, сыйлаймын. Ал бүгін құрметтейтін азаматым сексеннің сенгіріне шығып, осынау айтулы белеске ер тұлғалы жігіт сияқты ойы да, жүріс-тұрысы да тың қалпында жетіп жатса қалайша қуанбайсың?! Біз білетін Ақаңның тағы бір қасиеті – ол бақ қонып, қыдыр дарыған отбасының, киелі шаңырақтың берік тұтқасы. Мұндайда әлбетте, қолға қалам алмаудың өзі қисынсыз.

Бұрынғылар өмірдің сынаптай жылжып өте шығатынын жиі айтады екен. Қазақтан сөз қалған ба, ертеректе бір ақын:

ұшқан құс,
Байқай алмай қаласың,
Басыңнан шарлап
өткенін» –

депті. Ақаң үшін де өмір ағымы сол сияқты. Кейбіреулер «басыңнан бақ ауса, алпыс күн тасыған дария алты күнге жетпей таусылады» депті. Иә, тағдыры әсіресе, егде тартқанда өкінішпен аяқталып жатқандары қаншама. Бұл тұрғыда Ақаң тағдырына шүкіршілік жасайды. Үрім-бұтағы өсіп-өнді, тамырын тереңге жайды.

Ол кісі 1942 жылдың тамыз айында Арал ауданы Аманөткел елді мекенінде дүниеге келіпті. 1969 жылы Шымкент химия-технология институтын құрылыс инженері мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Қызылорда облысындағы «Сельстрой», «Риссовхозстрой» тресттерінің №16, №13 мехколонналарында шебер, прораб, учаске бастығы қызметтерінен бастады. Жасынан еңбекке алғыр жігіт көп ұзамай басшылардың назарына ілікті.

Ақаң осы жылдары табиғат болмысы сыйлаған қасиеттерімен таныла білді. 1975-1984 жылдары «Қызылордастрой» тресіне қарасты үй құрылысы комбинатында учаске бастығы, «Сумонтажстрой» мекемесінде бас инженер қызметіне жоғарылатылды. Осы жылдары бұрынғы кеңес одағы жүйесінде күрделі құрылыс жұмыстары кең қанат жайған еді. Аталған кезеңде одақ көлемінде маңызды бар тоқылмайтын маталар комбинаты іске қосылды. Осы өндірістің жоғары деңгейде іске қосылуында Ақаңның сіңірген еңбегі ерекше.

Кейде өмірдің ойламаған жерден әртүрлі сыйсыяпатын алдына тартатыны бар. 1983 жылы ағаның өмірлік жары Дариға апай Жалағаш аудандық партия комитетінің хатшысы болып сайланды. Жасынан орысшаға сауатты, облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушылықты, абыроймен атқарып, жаңа қызмет белесіне көтерілді.

Арада екі жыл өткенде облысқа жаңа бірінші хатшы келді. Ол алуынды Еркін Әуелбеков еді. Жаңа бірінші хатшы тәртіпті номенклатурадан бастауды ұйғарды. Бұрынғы үйреншікті құбылысқа сызат түсе бастады. Облыстың басшысы алдын ала бәрін біліп отыратын, соған сәйкес байлам жасайды. Тексерге келгенде облыстық мекемелерде үлкен лауазымды қызметте отырғандардың көпшілігінің әйелдері балабақша меңгерушісі екен. Бұл бұрынғылар үшін үйреншікті құбылыс болса, Еркін Нұржанұлы үшін ендігі жерде партиялық этикет нормасына қайшы әрекеттер санатына кіреді. Ел, дүйім жұртшылық осының барлығын біледі, көреді, осылай болуға тиіс деген ұғым санасына сіңіп кеткен. Бірінші хатшы: «Бір үйде бір бастық болу керек» деген талапты көлденең тартты. Енді қараңыз, Мадияровтар отбасында екі бірдей басшы – ері Жалағаш ауданында ПМК бастығы, әйелі – сол ауданда партия комитетінің екінші хатшысы. Осы жолы Дариға апай бір ерлік жасалды. Өзінің ері Ақмұраттың бұған дейін басшылық қызмет атқарып, абыройға жеткенін, сол үшін саладағы белді басшылардың көзіне түсіп, обкомның құрылыс жөніндегі хатшысы Вячеслав Рябовтың және ірі құрылыс жетекшісі Фарид Фаткулдиновтың тікелей қолдауымен қызметке тағайындалғанын облыс басшысына тайсалмастан айтып жеткізді. Орысшалау тәрбиесінің әсері ме, апай барлық этикетті жыйып қойып тұрасына көшті. Бірінші хатшы орынды уәзге тоқтады, партия тілімен айтқанда Мадияровтар отбасына «исключение жасалды».

Кейін қызмет бабымен Дариға апай облысқа қайтып оралды. Обкомға бұрынғы қызметіне. Ал Ақаң Қызылорданың ит байласа тұрмайтын, мың сан түйткілі бар үй құрылысы комбинатына басшылық қызметке қайта келді. Дұрысы таңдау жоқ, апай ең бастысы қызметтен отбасының жылуын көбірек қалайды. Енді екеуі де қалада. Сол қалада кейін Дариға апай қала әкімінің орынбасары қызметін және абыроймен атқарды.

Реті келген соң айта кетейік, Дариға апам мен Ақмұрат ағаның үйлену тарихы да қызық хикаяға толы. Апамыз Түркіменстанның Үргеніш қаласында дүниеге келген. Әкесі Ақмағамбет ерекше еңбексүйгіштігі, тәжірибесі ескеріліп, соғыстан бронмен қалып, балық зауытының директоры еді. Көлденең науқастан қайтыс болып, отбасы Арал ауданына қоныс аударады. Осы жерде

Бөгеннің орта мектебінде танысқан Ақмұрат ағамен отау құрған. Тағы бір қызығы – екеуі сыныптас.

Бұл енді реті келгенде айтылған шегініс. Ақаң сол 80-жылдардың соңында қызмет бабымен сыңарына еріп Қызылордаға қайта оралды. 1989-2005 жылдары Қызылордадағы ірі құрылыс индустриясы – үй құрылысы комбинатының бас директоры болып тағайындалды. Осы жылдары каланың «Мерей», «Ақмешіт» шағын аудандарында көптеген тұрғын үй құрылыстары бой көтерді. Бұл кеңес әлемінің соңғы жылдарындағы соңғы серпілісі еді. Ақмұрат ағаның басшылығымен үй құрылыс комбинаты жылына 100, 70 пәтерлік тұрғын үй құрылысын пайдалануға беру деңгейіне жетті. Майталман құрылысшы білікті тәжірибелі басшыға айналды.

Ортақ жүйе құлаған соң құрылыс саласының жұмысы құрдымға кетті. Алаңдатарлық кезең туды. Жаңға бататын жұмыссыздық бүкіл елдің тіршілігін қожыратып жіберді. Осы жылдары Ақмұрат ағаға тағы бір жауапты жұмыс тапсырылды. «Шұғыла» шағын ауданында құрылысы аяқталмаған 80 пәтерлік тұрғын үй шетелден оралған қандастарымыздың иелігіне берілді. Сол бір қиын уақыт естен кетпейді. Жаппай тапшылық, қаржы жетіспейді, бюджеттің салықтан құралатын әрбір тиын-тебені есепте. Сол жылдары А.Мадияров басқарған үй құрылысы комбинаты айрықша серпіліспен еңбек етті. Жалғыз тұрғын үй емес, ірілі-ұсақты жобаларды жүзеге асырды. Ұжымның бірігіп сақтады, олардың азын-аулақ жалақыға қол жеткізуіне ықпал жасалды.

Кейде жаксы адам туралы ой қорытуға келгенде сөздің құдыретіне жүгінгің келеді. Асан қайғы айтпақшы, Ақаң теңіз түбінде жататын жауһар тас секілді, ол өзін сыйлай білді, сыйлауға тұратын азаматтарды да құрметтеді. Қазір каланың құрылыс бақылау саласында бұрыннан өзде-рі сыйласқан Жанәбіл Нұрқышев, Нысанбай Құрманғазиев, Жеткерген Оразбаспен құрылыс нысандарын пайдалануға беру рәсіміне жиі шақырылады. Тәжірибесі, өмірлік тағылымы мол болған соң олардан үйренгісі, білгісі келетіндер көп. Алайда өмір өз ағымымен жүріп жатыр. Кейде көп нәрсеге қарнын ашады. Қай заманда да адамды адастырмайтын, тұғырға көтеретін ақыл-ой, сана мен парасат. Кейтең осылардың бірестігі де жетіспей жататыны жасырын емес. Мәшһүр Жүсіп «Дүние ойлап тұрсаң жалған екен, ешкімге жеткізбейтін арман екен» депті. Өмірде барлығы кездеседі, алайда пендешілікке салынып, біреудің көңіліне қарау Ақаңның мінезіне, болмысына жат қасиет. Ол өз ойымен ойлап, өз ойымен жүреді.

Ақмұрат аға кешегі компартияның жетістігі мен кемшілігін бірдей бағалап, өзінің тағылым аларлықтай өмір кешкенін қанағат сезімімен білдіреді. Ол уақыттың жауапкершілігі ерекше еді. Бірденені

ұмыт немесе қағыс қалдыруға, оны ертенгі күннің үлесіне жатқызуға болмайды. Түн ұйқысын төрт бөліп, ыңғайсыз уақытта «ұмытып кеткен» тіршіліктерін жөндеу үшін объектіге қайта барған уақыты да аз болмапты.

Партия оларға тағылым аларлық аз тәрбие берген жоқ. Әсіресе, комсомолдық, партиялық мектептің сарабал басшысы Абылай Айдосовтың өнегесі ерекше. Ол кісі «Дариға үлкен партиялық қызметте. Сен құрылыс мекемесінің басшысысың. Егер алда-жалда олқылыққа жол берсең өзің де, әйелің де зиян келеді. Осыны әрдайым есте сақта» дейтін.

Қарап отырса, рас сөз. Кеңес әлемі кезінде құрылысшыларды олқылық үшін кешірмейтін. Болмайтын жерден кемшілік кетеді. Қауіпсіздікті, басқа да кемшілікті тізе берсең толып жатыр. Бақылау органдары қаншама! Қазіргідей емес, кешірмейді, түсіністікпен қарамайды.

Сол Ақаң ақын Қадыр Мырза-Әлінің: «О, дүние жалғаным, Бірдей – Берген, алғаным! Білмей қалдым Қарттықтың Қалай келіп қалғанын! – дегенін қанағат сезіммен айтады. Айтпақшы, Ақаң мен Дариға апаның ұрпақтары да мақтанып, масаттанып айтуға лайық азаматтар. Ұлы Қайырбек – «Нархозды» қызыл дипломмен бітірген түлек, Құмкөнде абыройлы қызмет жасады. «Харрикейіннің» белді маманы, басшыларының бірі болды. АҚШ-тың Бостон қаласында білімін жетілдіріп, «Қазмұнайгаздың» «Аджип» компаниясында басшылық қызметте. Қызы Жанар кәсіпкер. Оның ұлы Варшава университетінде қаржыгер мамандығы бойынша аспирантурада оқиды.

Осы отбасына келген сайын өзімді тандандыратын бір керемет дүние бар. Ақаңның төр бөлмесінде Арал теңізінің сонау XX ғасырдың 60-жылдарындағы бір көрінісі бейнеленген сурет ерекше көз тартады. Шалқылған теңіз, Бөген ауылының жұпынылау бейнесі. Мынау малшы әкесі Мадиярдың салған баспанасы, Мәрзия анасының жылы шуағы. Қысқасы, сол ауыр заманның көрінісі, балалық шақтың ұмытылмыс сәттері көз алдына елестейді. Ақаң бүгінгі көңілмен барлығын еске алады. Ол сағыныш елесі. Жақсылықтың, қанағат сезімнің елесі.

– Бұл өткенді еске алумен бірге бүгінгі тіршілігіңе деген қанағат, шүкіршілік сезімді оятады. Сол өткенді еске алсаң, қазіргі заманның астамшылығынан бойынды алшақ ұстайсың, – деген еді Ақмұрат аға осы суреттің сырына үңіліп.

Бұл кісінің азаматтық тұлғасына, болмысына қарап отырып қайран қаламын. Ой түйдім: бұл береке дарып, бақ қонған Ақмұрат пен Дариға апамыздың отбасының киелі шаңырағының молшылығы.

Олар үшін әрбір атқан таң бақыт шуағын молынан төгіп тұрғандай.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының абоненттер назарына!

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2022 жылғы 29 шілдедегі №32-1-32/4786 хаты негізінде «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ тұтынушылары үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің бағалары 2022 жылдың 01 тамызынан бастап 1000 м³ үшін төмендегіні құрайды:

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Баға ҚҚС-сыз	Баға ҚҚС-мен
Қызылорда облысы				
Газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдауға арналған тариф есебінсіз				
I топ	Тауарлық газды газ тарату жүйесінен бөлшек саудада өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметті алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық);	теңге/1000 м³	8 467,60	9 483,71
II топ	Тауарлық газды халық үшін жылу энергиясын өндіру мақсатында сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары	теңге/1000 м³	7 364,57	8 248,32
III топ	Тауарлық газды жылу энергиясын өндіру мақсатында заңды тұлғалар үшін сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары	теңге/1000 м³	9 613,92	10 767,59
IV топ	Тауарлық газды электр энергиясын өндіру үшін сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары	теңге/1000 м³	10 058,33	11 265,33
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII және VIII топтарына жатпайтын өзге де тұтынушылар	теңге/1000 м³	10 058,33	11 265,33
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	теңге/1000 м³	9 613,92	10 767,59
VIII топ	Тауарлық газды тұтынушыларға одан әрі өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	теңге/1000 м³	19 969,33	22 365,65
IX топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (тұрғындар)	теңге/1000 м³	6 774,08	7 586,97
Газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдауға арналған тариф есебімен				
I топ	Тауарлық газды газ тарату жүйесінен бөлшек саудада өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметті алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық);	теңге/1000 м³	13 043,49	14 608,71
II топ	Тауарлық газды халық үшін жылу энергиясын өндіру мақсатында сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары	теңге/1000 м³	12 847,69	14 389,41
III топ	Тауарлық газды жылу энергиясын өндіру мақсатында заңды тұлғалар үшін сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары	теңге/1000 м³	14 626,21	16 381,36
IV топ	Тауарлық газды электр энергиясын өндіру үшін сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары	теңге/1000 м³	12 871,06	14 415,59
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII және VIII топтарына жатпайтын өзге де тұтынушылар	теңге/1000 м³	14 626,21	16 381,36
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	теңге/1000 м³	14 626,21	16 381,36
VIII топ	Тауарлық газды тұтынушыларға одан әрі өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	теңге/1000 м³	23 289,78	26 084,55
IX топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (тұрғындар)	теңге/1000 м³	10 434,79	11 686,96

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТҰРМЫСТЫҚ ГАЗ ЕСЕПТЕТІШТЕРІН ПАЙДАЛАНАТЫН ТҰТЫНУШЫЛАРДАН КАРТОЧКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДЕГІ ГАЗ БАҒАЛАРЫН ӨЗГЕРТУ ҮШІН АБОНЕНТТІК УЧАСКЕЛЕРГЕ ЖҮГІНУЛЕРІНІЗДІ СУРАЙМЫЗ.

Сұрақтар туындаған жағдайда төмендегі телефондарға хабарласуға болады: - 8(7242) 55-17-45 Бейбарыс Сұлтан көшесі №1, Әкімшілік кеңсе, Инстаграм парақшасы @kaztransgas_kyzylorda - 8771 012 12 11 call- центр «РЦКУ-Қызылорда» ЖШС, электрондық пошта: rcku-kyzylorda@kzrl.rcku.kz

- 8(7242) 26-32-03 Байсейтова көшесі №138/7, №1 абоненттік учаскесі - 8(7242) 23-61-44 Абай даңғылы №51/66, №2 абоненттік учаскесі - 8(7242) 24-42-28 Шұғыла шағын ауданы №26/36, №3 абоненттік учаскесі - 8(7242) 25-00-82 Титов көнігі №8, №4 абоненттік учаскесі - 8(7242) 25-62-35 Жанқожа батыр көшесі №82А, №5 абоненттік учаскесі.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚӨФ Әкімшілігі
(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген)

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары»

және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

